

« БАЛАМ ТУРАЛЫ БІЛІМ...»

*баланың жыныстық сауаттылығы жайлы
ата-анаға арналған ақпарат*

«ZIYATKER TURAN» мектебі



Әр адамның өз
ерекшелігі бар,
демек әр баланың да
денесі, ойы, сезім-
эмоциялары, мінез-
құлқы бар.



Баланың жас ерекшелігіне қарай түсіндіріледі.



Баланың жас ерекшелігіне қарай түсіндіріледі.

Біз бір ортада өмір сүреміз.
Дегенмен біздің өзара
айырмашылықтарымыз,
өзімізге тән ерекшеліктеріміз бар.

Ол қандай ерекшеліктер, айтып
беріңізші, әке (ана)?!



Жыныстық қауіпсіздік ережелері

және салауат сауаттылығы



1. «ІШ КИІМ» ЕРЕЖЕСІ

- *«Іш киім» ережесі қарапайым нұсқаулық болып табылады. Бұл ата-аналарға тиімді көмегі тиетін ереже. Бұны балаға 3 жасынан бастап айта бастаймыз. Демек жыныстық сауаттылықтың негізгі бөлімі 3 жас кезеңінен бастау алады деуге болады.*
- *Іш киім жауып тұрған денеңнің бөлігіне ешкім тиіспеуі керек, сен де біреудікіне тиіспе.*



2. «СЕНІҢ ДЕНЕНЕҢ ТЕК СЕНІКІ» ЕРЕЖЕСІ



Балалар өзі қаламаған физикалық контактан бас тарта алады. Ол үшін «жоқ» деп айтуды үйрету керек. Ал үйдегі үлкендер баланың «жоқ» дегеніне құлақ асуы керек. Үйде қауіпсіздік, жыныстық мүше, олардың ғылыми аттарын біліп, түсініп, үйреніп шыққан бала басқа адамдардың арасында өзінің шекарасын анық түсінетін болады.

Үйден жеткілікті мағлұмат ала алмаса, оны міндетті түрде сырттан іздейді. Ал көшеден естіген бұрмаланған ақпарат баланың көзқарасына теріс әсерін тигізуі мүмкін.


3. «ЖАҚСЫ ЖАНАСУ, ЖАМАН ЖАНАСУ» ЕРЕЖЕСІ

- *Балалар дұрыс физикалық контактты дұрыс емесінен ажырата алмайды. Сондықтан балаға «егер бөгде адам сенің жыныс мүшеңді ұстаса, көргісі келсе, ол дұрыс емес» деп үйретесіз. «Іш киім ережесін» түсіндіргенде балаңызбен осы тақырып жайлы жалпы әңгіме айта бастайсыз. Балаңыз бір адамның әрекетін қалай бағаларын білмей, дұрыс па жоқ па деп күмәнданса, сізден келіп сұрай алатынына көзін жеткізіңіз.*



4. «ЖАҚСЫ ҚҰПИЯ, ЖАМАН ҚҰПИЯ» ЕРЕЖЕСІ

- *Балаларға зорлық жасайтын адамдардың басты әдісі – баланы құпия сақтауға итермелеу, сол арқылы өзінің әрекетін жасыру. Сол себепті балаға жақсы да, жаман да құпия болатынын түсіндіру керек. «Баланың көңілін түсіретін, қорқыныш, шарасыздық тудыратын кез-келген құпия – жаман құпия, және оны сақтап жүруге болмайды. Сенетін адамға – ата-ана, дәрігер, мұғалім, аға-әпкелерге айту керек».*



5. «БАЛАНЫҢ ҚАУШСІЗДІГІ – АТА-АНАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІ

- Балалардың басынан жоғарыда айтылған жағдайлардың бірі өткенде жиі болатын сезімдері – ұят, кінә, қорқыныш. Ата-ана жыныстық әңгіме тәңірегінде көп шектеу қойып, өздері сол тақырыптан қашқақтайтын болса, бала олардан көмек сұрауға болатынын сезінбейді. Бала көңіл-күйі өзгерсе, біреуден қорықса, барып сұрай алатын сенімді ересек адамы барын білуі керек. Ал ол ересек адамды не дайындап қою, немесе сол ересектің өзі болу – ата-ананың жұмысы. Баланың сезімі мен іс-әрекетіндегі өзгеріске сергек болу керек. Егер бала бұрын жүгіріп барып жүрген ересек немесе балаға енді барғысы келмей қашқақтаса баланың ойын сыйлаңыз, ойланып та көріңіз.



6. «ҮШ ҚҰТҚАРУШЫ» ЕРЕЖЕСІ

- Балаңызға қауіпті жағдайға тап болғанда «Үш құтқарушы» бар екенін айтыңыз.

1) Назар аударту-аузың жабық болса тебу, тарсыту т.с.с.

2) Қатты дауыс-айқайлау, «полиция», «көмектес» деген сияқты сөздерді қолдану.

3) Жылдам аяқтар-қашу, адам көп жерге қашу

- Әдептілік пе, әлде қауіпсіздік пе? Нақты ажыратып балаға түсіндіріңіз ! Біз толығымен қауіпсіздікте болғанда ғана, біз өзімізді сыпайы ұстаймыз. Ал қауіп төнгенде, біз өзімізді қорғаймыз және бұл қозғалысты батыл, қатты, жылдам және сенімді түрде жасаймыз! Сенімен қауіпті жағдай болса не істеу керек, көмек алу үшін қайда баруға болатынын балаңызбен талқылаңыз!


- Бала әкесі мен анасына әрқашан сене алатынын білуі керек!

- Сондай-ақ арнай көмек көрсете алатын мамандар - психолог, мұғалімдер, әлеуметтік педагог, полиция т.б.



САЛАУАТ САУАТТЫЛЫҒЫ

- Жалпы бала жеке гигиена жайлы ерте жастан үйреніп келеді. Бірақ жыныстық сауаттылық бойынша және жасөспірім шақтағы өзгерістерге сай тазалықты үйрету керек. Бұған кішгірім мына ақпараттар кіреді:
- Тіс тазалығы
- Жыныстық зона тазалығы (іш киімді жиі ауыстыру; жылы таза сумен жуу; т.б.)
- Денемізді аптасына 2 рет тазалап жуу.
- Жасөспірімде денедегі өзгерістерге байланысты тазалық (артық түк, иіс шығу, безеулер, артық салмақ, т.б.)
- Ерте жыныстық қатынас, ерте жүктілік, 18+ видео-контент көру және олардың зиянды жағы туралы ақпарат.



ИСТОЧНИКИ О ПОЛОВОМ ВОСПИТАНИИ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ:

1. <https://kcrb.by/doc2022/Половое%20воспитание%20подростков.pdf>
2. https://emberint.ru/articles/sex_education/

РАҚМЕТ!

«ZIYATKER TURAN» мектебінің педагог-психологтары